


БЕКІТЕМІН: 
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: « ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.04 - 26.04.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру; әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларға балалар еңбегін әңгімелеп беру; кезекшілерді өз істеріне дұрыс үйретіп, тостағанды	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табакты, майлық салатын ыдыстарды,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю.

басқалар)	тұтқасынан, нан салуға арналған ыдысты екі қолымен ұстауды т.б. естеріне салып отыру.	білу.	тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.	шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сұрту іскерліктерін жетілдіру.	
	<p>Иллюстрациялық суреттерді құрастыру Мақсат-міндеттер. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы. Барысы: әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.</p>	<p>"Үй құрылысының ретін көрсет". Мақсат-міндеттер: түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Барысы: балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Өз орнымызды тауып алайық". Мақсат-міндеттер. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауға үйрету, сол жақ, оң жақ, алдында, артында тұрған баланы айту арқылы бағдарды</p>	<p>"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту, басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. Ойын ережесі: суретке сәйкес басқа ұлт өкілінің ұлттық киімін таңдау, қуыршақты ұлттық киімге киіндіру. Кім ұлттық киімді дұрыс</p>

			(құрастыру)	ажырағуға үйрету; көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау кабілетін дамыту.	және тез киіндірсе, сол женеді. Ойын әрекеттері: қуыршақты киіндіру; ұлттық би немесе ән орындау.
Ертеңгілік жаттығу	<p>Жалпы дамытушы жаттығуы.</p> <p>"Зырылдауық" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту. - қолды екі жаққа созу. - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру. <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу. 3-4- бастапқы қалыпқа келу. <p>"Сипаттаймыз" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою. - оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. - 4-5 рет еркін тыныс алу. <p>"Өкшемiзге қараймыз" жаттығуы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта). 				

	<p>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. - 3-4- бастапқы қалыпқа келу. (дене шынықтыру)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Көңіл-күйді анықтау» Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу. Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады. Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды. Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріне қарап, бір-біріңнің</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Көңілде көп қуаныш, Әр көңілде жақсы үміт. Келетін жылға мың алғыс, Әкелген көп жақсылақ. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу.</p>	<p>«Мақтау сөздер айту» Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу. Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.</p>	<p>«Достық көмек» Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы</p>

	<p>қолдарынан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады. Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды.</p>				арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды.
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Достық күндей жарқырайды" Мақсат-міндеттер.</p>	<p>Дене шынықтыру "Достық шеңберінде". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі</p>	<p>Музыка "Дауылпаз дабылы". Мақсат-міндеттер. Балаларды жана әуенді тыңдау кезінде әннің</p>	<p>Дене шынықтыру "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер. Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5</p>	<p>Қазақ тілі Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсат-міндеттер. Қазақстан туралы</p>

	<p>Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; кимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру.</p>	<p>шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету.</p>	<p>сипатына сай ыргакпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ыргакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол</p>	<p>метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; кимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.</p>	<p>казак тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша казак тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге</p>
--	---	---	--	--	--

			саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.		қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақтар. Әуеден күбі түсті, Күбінің түбі түсті. (Күннің күркіреуі) Жөңкейді бұлттар дүркіреп, Жауады жауын күркіреп Аспанның жүзі жарқ етті, Ақ найза жерге сарт етті. (Найзағай) Бақылау.	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Күнді жабады, Жанбыр болып жауады. (Бұлт) Бақылау. Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды	Кемпіркосақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Аспанда әсем белбеуді, Алып белге буынсам. (Кемпіркосақ) Бақылау. Балалармен кемпіркосақтың құбылысын бақылау. Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау. Қимылды ойын: «Түрлі-түсті автомобильдер».	Өзенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Еркелеп жатамын, қаңтарда катамын. (Көл) Мақал-мәтел. Қалған көлге бақа басшы. Болжам. Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады. Бақылау. Су	Балықтарды қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Ақ балық-ау, ақ балық! Қармағымды қап, балық! Жұмбақ. Аузы бар, тілі жоқ, Терісі бар, жүні жоқ. Тірегі бар, ізі жоқ, Қанаты жоқ ұшпайды Су астында қыстайды. (Балық) Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру

<p>Найзагайдын жаркылдауын бакылдуу, найзагай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шапшуы. Күннің күркіреуі әрбір найзагайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға ұласады, табиғат жанданады, ауа тазаралы, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтыту үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек.</p> <p>Қимылды ойын:</p>	<p>жанбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.</p> <p>Қимылды ойын. «Жұстар мен мысық».</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру.</p> <p>Еңбек. Бакшалағы жұмыс. (енбек дағдылары)</p> <p>Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланын қатысуын қалағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру.</p>	<p>(дене шынықтыру)</p> <p>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу.</p> <p>Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (енбек дағдылары)</p> <p>Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Асфальтка бормен сурет салу.</p> <p>Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру.</p>	<p>айдынының өмірін бакылауға үйрету (бақалар қатты бакылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судын бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дәндерді тереді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың</p>	<p>(ұстаған балықтың қабықты, жінішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын. «Көпірдегі лактар».</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын,</p>
---	---	---	---	---

<p>«Бір аякпен секіру эстафетасы»(тэжік халқының ойыны). (дене шынықтыру) Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аякпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (енбек дағдылары) Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-катынаста</p>	<p>Өз бетімен ойындар. Велосипед тебу. (дене шынықтыру) Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу.</p>	<p>басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен карауға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене шынықтыру) Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу. Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне</p>	<p>ептілігін дамыту. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (енбек дағдылары) Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету.</p>
--	--	--	---

	тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру.			тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет гүрпын қалыптастыру.	
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі	"Достық" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	Жанылтнаштар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ оран. 3. Қырда қырау Қызыл ала бұзау. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	«Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және	"Достық" өлеңін жаттау. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттық баласы Достығымыз жарасқан. Ортақ бізге бір Отан, Ортақ жердің байлығы

	<p>қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>		<p>ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Күрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны бағып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «күрлыққа» шығарып алуы тиіс.</p>	<p>Елбек ортақ, жыр ортақ. Ортақ бізге барлығы. Е.Елубаев (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>
--	--	--	---	---

				Ойын осылай жалғасады.	
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	"Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің ролі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	"Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру.